

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LGTJ4418>

Х. Кораш, *М. К. Амангазиева, П. Ертаева

Омер Халисдемир университеті

Түркия мемлекеті, Нийде қ.

*e-mail: m.amangazieva@asu.edu.kz

ЛЕКСИКОГРАФИЯДАҒЫ «ТӘҢІР» СЕМАНТЕМАСЫНЫҢ ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақалада тарихи сөздіктердің негізінде түркі тектес халықтар тіліндегі космонимдік тәңірі атауы және оның мағынасы туралы талдаулар сараланып, лексикалық, семантикалық және морфологиялық сипаты қарастырылады. Аспан денелеріне қатысты Тәңір атауының тілдік және танымдық ерекшелігін айқындау, этнолингвистикалық және когнитивтік мәнін ашу арқылы сол кездегі халықтың дүниетанымы, тұрмысы, тіршілігі суреттеледі. Салыстыру барысында түркі тілдерінің тарихын зерттеудің аса маңызды көздері негізге алынды – Орхон-Енисей, көне ұйғыр жазба ескерткіштері, ортағасырлық араб, парсы, түркі ғалымдарының еңбектері және XVIII ғасырдан бергі Батыс Еуропа мен орыс ғалымдары зерттеулері. Бұл еңбектердегі тәңірі атауына қатысты лексеманың тілдік және танымдық ерекшелігін айқындаудың маңызы зор. Бұл ең алдымен космонимдік атаулардың этнолингвистикалық және когнитивтік мәнін ашуға көмектеседі деп пайымдауға толық мүмкіндік береді. Жалпы тіларалық байланыс мәселесінің лингвистер тарапынан зерттеле бастағанына 200 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде бұл мәселе жан-жақты тексеріліп, оның неше алуан құбылыстары мен түрлері тиісті теориялық шешімін тапқаны мәлім. Алайда, әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолу, басқа халықтармен араласу сипаты, өзіне ғана тән ерекшеліктердің болатынына байланысты, бұл мәселені нақтылы тарихи лингвистикалық деректер негізінде зерттеуді талап етеді. Сондықтан, мақалада түркі тілдері арасында «Алла, Құдай, Тәңір» деген үш атау да – бір ғана жаратушы ұлы күш деген ұғымды білдіретін космогониялық Тәңірі атауына лексика-грамматикалық талдау жасалды.

Кілтті сөздер: лексикография, космоним, этимология, семантика, семасиология, теоним.

Кіріспе

Тілді зерттеудің философиялық (диалектикалық) аспектісі бойынша сөз мағынасындағы жылысулар мен өзгерістерді тану үшін оған тарих тұрғысынан келуі қажет. Алайда тілдің тарихын тек қана жазу ескерткіштерінің деректері бойынша біліп болмайды. Сондықтан көп ретте тілдің өзінде бар, яғни бізге дейін сақталған материалдарды пайдалануымыз қажет. Өйткені тіл ішінде сақталған деректер адам баласының бүкіл тарихи даму жолының жемісі, көз жетпес көне замандардың куәгері де болып табылады. Осы теориялық тұжырымды басшылыққа ала отырып, біз алғашында «түркі-моңғол» тілдеріне ортақ субстрат-негіз болар деп шамалаған космологиялық көк тәңірі, жаратушы, аспан сияқты атауларға этимологиялық талдау жасадық. Ізденістің гипотезалық бағыты ретінде бұл тарихи лексиканы біз екі құрамды сөз ретінде қабылдадық. Халық этимологиясы бойынша таң мен іңір атты күдіреті күшті екі кереметтің есімі үнемі таң-іңір болып бірге аталатын болғандықтан, жүре келе бұл екі сөз кірігіп, тәңір/тәңірі тұлғасындағы бір сөз ретінде қолданылатын лексикалық тұтасымға айналған. Біз қарастырып отырған атаулар бір қарағанда, қалың көпшілікке толықтай, таныс денотаттардың атауы болып көрінгенімен, олардың тарихи қалыптасу жолы мен сөздіктерде берілу сипаты өте күрделі, әрі терең зерттеуді қажет ететін тілдік материалдар деп есептейміз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында сипаттама-синхрондық, салыстырмалы-тарихи-диахрондық, лексика-семантикалық, құрылымдық-грамматикалық, анализдік, когнитивтік әдістер негізге алынды. Түркі тілдеріндегі космонимдерді жан-жақты зерттеу барысында әлемдік тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде: С. Аманжолов, В. фон Гумбольдт, И. Н. Березин, Л. З. Будагов, В. П. Васильев, Н. К. Дмитриев, Е. Қ. Жұбанов, Н. И. Ильминский, В. В. Катаринский, С. Кеңесбаев, А. Н. Кононов, Ә. Қайдар, М. Малбақов, П. М. Мелиоранский, Ғ. Оразов, В. В. Радлов, Г. И. Рамстедт, О. Сүлейменов, Е. Н. Шипова, А. М. Щербак, К. К. Юдахин, А. А. Юлдашев және т.б. ғалымдардың негізгі теориялық тұжырымдары мен пікірлеріне сүйендік. Мақалада түркі тілдеріне қатысты салыстырмалы-тарихи тұрғыда жазылған кешенді ғылыми еңбектерден, көне түркі, орта ғасыр жазба мұраларының қайнар көздеріндегі қазіргі түркі тілдеріне ортақ қолданылатын космонимдерге қатысты материалдар сұрыпталып пайдаланылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Дүниетанымымызда жоғарғы және төменгі әлемдерді жалғастырушы жаһан ағашы соңғы кезде салыстырмалы түрде қарастырылып жүрген ежелгі майя жұртында «йаш те», қазақта «бәй-терек» болып аталса, ферғана ұйғырларының тілінде тәңрі терек деп айтылған. Ұйғыр ғалымы Г. Садуақасов хатқа түсірген деректі жоғарыда аталған жұмысында Б. И. Татаринцев те келтіріп өтеді. Әрине, ғарыш сфералары арасындағы қатынас жолдары ескі наным-сенімдер бойынша тек биік ағаштар ғана емес, басқа да «жоғары мен төменді» жалғастыра алатын биік тау (тағ, дағ, тоу, тоо, т.б.), қытайша шаң-тау, осыған ұқсас «Оғыз қаған» эпосында кездесетін шаң «таң жарығы», сондай-ақ шаң ертаң «таң ертең» [1, 129-б.], т.б. арқылы жүзеге асады. Осылардағы «жоғарыны нұсқайтын таң атауының мағыналары да әр кезеңде түрліше эволюциялық ауытқуларды бастан кешірген. Мысалы, қазақ тіліндегі шаңырақ сөзі (шаң-ғ-рақ) киіз үйдің төбесін күмбездеп жауып тұратын ең жоғарғы бөлшегі, ол аспаннан түсетін нұрды үйге өткізуші ретінде ертеректе, яғни, с~ш~т дыбыстарының сәйкестігі бойынша таң жақ «сторона света» ұғымын білдіретін тіркесім болуы ықтимал деген де жорамал айтуға болады. Өйткені, түркімен тілінде осы атаудың даң зақ болып айтылатын сыңары бар. Бұлай дегенде біз т~ш сәйкестігіне орай ежелгі шан сөзі қазіргі тілімізде таң болатындығын және -рақ (шаң-ғ-рақ) семантемасының басындағы -р жалпы түркілік -з (-ж) дыбысына айналуы мүмкін.

Биіктікті білдіретін тау ұғымын орнына қазақ тіліндегі төбе сөзінің қолданылатындығын кездестіреміз. Мысалы, Ш. Уәлиханов жинастырған деректер ішінде тәңрі төбе тіркесімі «горы, вершина» деп түсіндіріледі [2, 103-б.]. Ал қазақ тіліндегі тау және төбе атауларының жақындығын жалпы түркілік негізіне тақ~тау~тове семантикасы арқылы түсіндіруге болады. Биіктікке апаратын жолдың бірі «төбесі көкке жетіп тұрған зәулім мұнара» қытай тілінде бұрын да, қазір де та семантемасы арқылы беріледі. Мәселен, қытай тіліндегі «су тартқыш мұнара» атауы жасалатын түбір морфемалардан біріккен сөздер қатарында шуйта «водонапорная башня» деп беріледі [3, 20-б.]. Біз осы құрамдағы та элементін түркі-моңғол тіліндегі таң семантемасының құрамында тұрып, «биіктік» идеясын білдіретін лексикалық элемент болуы да ықтимал деген пікірді айтамыз. Өйткені, түпкі түбірінде екі элементтің қосарланып айтылуынан жасалған құрамды сөз болуы да ықтимал. Бұлайша құрамдасу үшін алғашында олар «жоғары-төмен» деген кереғар екі ұғымды білдіретін сөз бөлшектері бола жүріп, қарама-қарсылықтардың бірлігін танытатын бейтарап абстрақтыға айналулары ықтимал. Бұл тәрізді симметриялы қатардың бір элементі та құрамдасқан мүшелердің бірі ретінде сөз жоқ биіктікті, яғни аспанды нұсқаған болса, оның антитезасы -ін (-ін) – төменгі (жер асты) деген семантикаға ойысады.

Жоғарыда біз келтірген мысалға жүгінсек, мұнара ұғымын білдіретін қытай тілінің та элементі сол биіктік идеясын білдіретіндігін көреміз. Семантикасы «биік» деген мағыналық жүк арқалаған та элементі қытай тіліндегі –ша сәйкестігі тәрізді түркі тілдеріндегі тау (та-у) тұлғалы морфемдік негіздің құрамында да сақталған деп жорамал жасауға болады. Әр алуан түркі тілдеріндегі қолданыстарына сәйкес у~(у1) сонантының даму барысын зерттеген А. М. Щербак тау тұлғалы оронимнің соңғы дыбыстық бөлшегінің қалай құбылғандығын мынадай мысалдармен бейнелеген: алт. Ту; каз. Тау; кирг. Тоо; турк. Дағ; узб. Тоғ, хак. Тағ, чув. Ту, як. Тыа [4, 171-б.].

Келтірілген мысалдар әр уақытта түбір морфеманың өзгеріске көп ұшырамайтын бөлшегі та (то, ту, ты) элементі екендігін көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуші кейбір дауыссыз дыбыстарды түсіріп айтатын Сібір мен Алтай тілдері екендігін атап көрсетеді. Мысалы, хак. Тағ «гора», та «его гора», тофал. Тағ «гора», там~тағым «моя гора». Түркологтердің назарына ілінген деректердің бірі мынадай: мұрын жолды -н дыбысы түбірге қосылған кезде өзінен бұрын тұрған дауысты дыбысты әлсіретіп, өзі түсіп қалып отыратындығы, мысалы, бә-ңіз тұлғасы бәз~бет болады; таң сөзі қысқарып дә «шапақ» болады; тонар~дөөр «мұз болу» болады [5, 171-б.]. Біз осы М. Ряснен атап өткен фонетикалық құбылыстың өзі де тым әріді болған агглютинациялардың ежелгі іздерін байқатады деп есептейміз. Моңғол тілінде та тұлғалы есімдік бар. Ол сіз деген сыпайылық есімдігінің біреуді ұлықтап атайтын түрі. Ал жинақтау мағынасындағы сөздер деген ұғымды беру үшін алғашқы та түбіріне қосымшалар қосылып таанр болып айтылуы тиіс [5, 145-б.]. Әрине, бұл жердегі таанр тұлғасын тәңір семантемасына теліп қарауға болмас. Бірақ, солай бола тұрса да сыпайылықты білдіретін та (сіз) тұлғалы жіктеу есімдігінің семантикасында ұлылықты, асқақтықты, яғни биіктікті білдіретін нышанның бары даусыз. Ал жинақтық-көптік мағына беретін таанр есімдігіне ондай ұлықтау сыңайы жоқ.

Қазақ тілінің тарихи лексикологиясын зерттеген профессор А. М. Махмутов та кезінде «құдай, аспан, жаратушы» мағынасындағы тәңрі сөзінің құрамындағы та элементі түбір морфема болатындығына көңіл аударған еді [6, 45-б.]. Мәселен, ол Тянь-Шань тауының аса биік шыңдарының бірі Хан-Тенгри сөзінің хан және тәңрі деген екі элементтен тұратындығын айта келіп, соның «құдай, аспан, жаратушы» дегенді білдіретін тәңрі (тәңэрә, теңірі, тегрі, теңрі, таңры, тажы) сыңарының түп негізі та элементі деп көрсетеді де, аса ерте замандарда ешбір грамматикалық қосымшасыз-ақ жеке тұрып «көк аспан» деген ұғымды білдірген.

Бірақ, содан кейінгі пайымдауларында ғалым сәл қисынсыздау пікірлер айтады. Ол былай дейді: «Бастапқы та түбіріне -н қосылғанда утренняя заря «аспаннан нұр шашатын таң шапағы, аспан сәулесі» таанр немесе

көк тәңір ұғымы жасалған. Таңры, тәңірі сөзінің соңында келетін -ы, -і тәуелділік жалғауының үшінші жағының көрсеткіші. Таңры немесе тәңрі «аспан сәулесінің иесі (жаратушы, аспан)» ұғымын аңғартады [6, 45-б.]. Ғалым тәңрі семантемасының құрылымынан байқалатын агглютинация процесін және аталған сөздің лексикалық тұрғыдан өте көне қабаттарға жататындығын дұрыс аңғарған. Бірақ ол та элементінің тәңрі тұлғасына түпкі түбір ретінде қаншалықты қатысты екендігін немен дәлелдейтіндігін айтпайды, сондай-ақ та түпкі түбіріне сөз тудырушы қосымшалар ретінде жалғанған -ң, -р қосымшаларының грамматикалық мәртебесін сипаттамайды. Біздің пайымдауымызша, қазақ тілінің тарихи лексикасын құрайтын көптеген атауларда ұшырасатын та~тә элементтері синкретті түбір ретінде өздерін айқын таныта алады. Мәселен, семантикалық жақындығы бар ерте «рано» және ертең «завтра» құрылымдарының морфологиялық тігістері та элементінің алдында да немесе одан кейін де айқын аңғарылады. Қазақ тіліндегі өлі аффикстердің ерекше белгілерін түсіндіре отырып, профессор Қ. Жұбанов мынадай құбылыстарға айрықша назар аудартады. Бірқатар сөздердің түбір қабаты анық көрініп тұрса да, қосымша қанаты сол сөзден айырылып, басқа сөзде жалғауға келмейтін болады. Мысалы, ертең деген сөзге ерте, жоңқа деген сөзге жон-, соңра деген сөзге соң- түбірлері ерекшеленіп тұр. Өйткені ерте, соң, жон деген түбірлер жеке тұрып та қолданыла береді. Бірақ, ертең-дегі -ң, соңра-дағы -ра, жоңқа-дағы -қа – ана сөздерден бөлініп, басқа сөзге жалғанбайды. Олар бір кезде тірі қосымша болып жүрген де, бүгінде қосымша болуды қойып, түбірмен бірігіп кеткен [7, 24-б.]. Тұлғалық өзгерістерге орай болатын семантикалық жылысулар әсіресе туыс тілдердің фактілерін салғастыра зерттегенде көзге анық шалынады. Мысалы, шор және бараба тілдеріндегі іртен деген үстеу қазақ тіліндегі ертең сөзіне ұқсағанымен, мағынасы жағынан оған сәйкес келмейді, атап айтқанда, ол ертең емес, ерте деген ұғымды береді.

Ал қазақ тіліндегі ерте сөзі «межелі уақыттан бұрын» деген және бұл мағынаны білдіру үшін түбірдің соңында -ң қосымшасының келуін қажет етпейді. Осыған қарап, қазақ тіліндегі ертең сөзінің соңындағы -ң элементі бір кезде дербес түбір морфема болған деп жорамалдауға болады. Қазірде ол ерте-түбірімен бірігіп кеткен, одан былайғы гармонияланып дамуы нәтижесінде ол, А. М. Щербактың топшылауынша, мұрын жолды н дыбысынан басталатын кейбір тіл алды түбір-негіздердегі тәрізді «этимологиялық» деп аталатын, яғни, ежелгі і фонемасын жалғап қалыптасқан.

Қазақ, қырғыз тілдерінде ерте~ертең сөздерінің басқы буынын құрайтын ер- жоғарыда аталған шор, бараба тілдеріндегі іртән «рано» тұлғасының ір буынының сәйкестігі болып табылады. Осы элементтердің қатысуымен жасалатын ер~ір-тә:ң құрылымы түрліше вариантта ұшыраса тұрып не

уақыттың ертелігін немесе бүгін емес деген ұғымды білдіреді. Бұлардың лексикографиялық сөздіктерден көрінетін семантикалық өрісін орыс түркологтері былай көрсетеді: шор, бараба іртән «рано», як. Ирдан «завтра», өзб. Эрта «утро», турк. Эрте, эртир «завтра, утро, рано утром», тур. Еркен «рано», башк. Иртэнсэк, иртэ «завтра» т.б. Осы тұлғалардың бәрі де жалпы түркілік мағынасы «рано, прежде, преждевременно, утро» дегендей мезгілдік шаманы білдіретін ир (иір) семантемасына келеді.

Аталған тұлғалар қазіргі қырғыз және түркімен тілдерінде өздерінің лексикалық дербестігін сақтаған. Ал В. В. Радлов сөздігінде осыған ұқсас ырдағы түрінде тіркелген тұлға бар. Ғалым шор және сағай тілдерінде бұл тұлға жіңішке ір-дә-гі болып естіледі деп көрсетеді. Бірақ, ол бұны қысқарған тұлға деп есептеп, толық қалпында ыңырдағы «вечерний (abendlich)» деп түсіндіреді де, ір тұлғасы іңір «вечер» сөзінің қысқарымы дейді [8, 1456–1470-бб.]. Қазақ тіліндегі ерте-кеш (салыстыр. Ерте-кеші жоқ – кез келген уақытта) немесе ертелі-кеш және ертелі кешті (ерте ме, кеш пе) деген қос сөздің бірінші сыңарында көнеленіп кіріккен та элементі сақталған. Ал түркі және түркімен тілдеріндегі осыған ұқсас морфонологиялық тұтасымның құрылымында та элементі түсіп қалған. Мысалы, ер-геж [9, 251-б.] және ир-гич [10, 162-б.].

Қазақтың қазіргі әдеби тіліндегі ерте-ң сөзінің «бүгін емес» деген мағынасы Жетісу говорында ертең ерте түрінде тіркесіп келгенде «тым ерте, өте ерте (таңертең)» дегенді білдіреді. Біздіңше, бұның өзі де ертең сөзінің лексикалық шамасы семантика тұрғысынан аса тұрақты еместігін көрсетеді. Осыған қарап Е. Жұбанов пен Ә. Ибатов қазақ тіліндегі ертең тұлғасын үш құрамды бөлшектен тұрады деп шамалауға болады дейді: ерте-ң-і(н) [11]. Бұл құрылымның алғашқы ер сыңары түркі тілдерінде дербес сөз ретінде қолданылатындығын біз жоғарыда атадық. Ал, осыдан кейінгі те-(і)ң бөлшектерін кейінгі заманда кірігіп, фонетикалық жағынан -тең болып тұлғаланып кеткен қарама-қарсы екі ұғымның тұтасымы ретінде қарастырамыз. Ол бір кездегі тіл арты дыбыстарымен берілетін таң «утро, заря» сөзінің әлсіреп (редукцияланып) қалыптасқан баламасы болмақ. Таң тұлғасының редукциялану себебін біз оған анықтауыш ретінде қолданылған жіңішке ер-ир сыңарларының ықпалы деп қарастырамыз. Осы орайда таң-тең тұлғасының әуел баста бір түбір еместігін ерте-ң тұлғасының соңындағы -н/-ің элементінің түсіп қалатындығына (ерте) қарап та көз жеткізуге болады. Біз мына жағдайды атап көрсеткенді жөн көрдік: екі құрамды та-ің (немесе те-ң) тұтасымының сыңарлары арасындағы қатынас ер-те(ң) қосарындағы сыңарлардың қатынасынан басқа деп білеміз. Өйткені, алғашқы типтегі қосарлану (ер-тен) қарама-қарсы идеялардың тұтасымын білдірсе, ер-те

типті модель екі сыңардың өзара атрибутивтік (анықтауыштық) қатынасын бейнелейді.

Ғалымдар та-ін қосарының табиғатынан ілгеріректе Рамстедт нұсқаған «гендиадистін», яғни қарама-қарсы мағыналарға ие сөздерді қосарлап қолдану арқылы дерексіз ұғымдарды білдіруші модельді көруге болатынын айтқан [12, 328-б.]. Мәселен, өзара үндеспейтін та-ін түбір негіздер «жоғары-төмен» тәрізді кереғар идеяларды білдіретін болғандықтан, оларды қосарлап қолдану нәтижесінде біртұтас «ғарыш әлемі» деген ұғымды білдіруге талпынған тәрізді. Осыған орай аталған авторлар та-ін, яғни «жоғары-төмен» деген тәртіпшен тізбектелген бұл қос сөз сыңарлары ғарыш сфераларының «аспан көк» және «жер асты» қабаттарын, сондай-ақ сол екі аралықтағы «жер үсті» тіршіліктерін тұтас қамту нәтижесінде ерте дүние адамдарының трихотомиялық наным-сенімдерінен хабар береді деген пікір түйеді.

Қазақ тілінде та элементінің қатысуымен жасалған бірқатар лексикалық шамалар бар. Олар белгілі бір дәрежеде «биіктік» идеясын танытады. Мәселен, бұйымдарға жататын: таға «аттың тағасы», табалдырық, тақа «етіктің тақасы» т.б. атқаратын қызметтері жағынан биікке ұмтылдыратын заттар болып табылады. Ал үй бұйымдарына жататын табақ, таба «нан», тайқазан, т.б. көкке қарап «ауызын ашып», ризық дәмепіп тұратын ыдыстар. Олар құрылымы жағынан ежелгі тас мүсіндердің тәңірден жауын-шашын тілеп, қолына ұстап отыратын ыдыстарын бейнелейді. Соған қарағанда, қазақтың «қазан ауызы жоғары» (болсын) дейтін тілек батасы сол бұлыңғыр замандардан келе жатқан наным-сенімдермен байланысты болуы да әбден ықтимал. Жер бетін мекендеген ежелгі заман адамдары өздерінің сәбилік дәуірінде ас-суды, тағам (дәм) аталатын заттың бәрін көк тәңірден тілеп, Жаратушыға жалбарынып отырған.

Анатомиялық атаулардың ішінде та элементінің қатысуымен жасалған табақ, тамақ, таң, таңдай т.б. терминдер бар. Бірақ бұл атаулар «бір нәрсенің астыңғы беті» дегеннен гөрі, дене мүшесінің анатомиялық құрылымындағы жоғарыға, биікке қарай ұмтылған ағзалар екені мәлім. Бір ескере кететін нәрсе, тірі организмде болатын тамыр термині өсімдіктер әлемінде ботаникалық термин ретінде де қолданылып, ағаш, бұта, шөп т.б. көкөністерге топырақтан нәр алып беретін тіршілік көзі деген ұғымды білдіреді. Яғни, ол да топырақтың астында тұрып, көкке қарай қуат дарытады. Осы екі ұғымды да белгілі дәрежеде моңғол тіліндегі «күш қуат» дегенді білдіретін тамир сөзімен салыстыра қарауға болады. Моңғолша тамирдах «дәрменсіздену, әлсіреу» болса, тамиртай «күшті, қайратты» деген сөз. Бұның өзі өмір-тіршілікке қуат беретін күш көк аспан, биіктік немесе та ұғымымен байланысты.

Қазақ әдеби тілінде «биіктік» идеясына қатысты та түбірлі есім сөздердің бірі – там. Ол негізінен моланың, зираттың үстіне тұрғызылған белгі, құрылыс дегенді білдіреді. Бірақ жергілікті тіл ерекшеліктерінде там немесе соқпа там деп балшықтан (лайдан), топырақтан соққан тұрғын үйлерді де атайды. Бұл екі түрлі құрылыстың екеуі де адам қолымен тұрғызылған қабырға немесе үйдің жары дегенді білдіреді. Әйтсе де, осы атаудың адам қолымен тұрғызылмаған «табиғи» там деген ұғымды білдіретін алғашқы семантикасы моңғол тілінде сақталғаны байқалады. Моңғолша там деп күз жартасты, құлама шыңды, терең шұңқырды, ақыретті тамұқты, т.б. атайды. «Дозақ, тамұқ» мағынасындағы моңғолдың там сөзі мағынасы жағынан X–XIII ғасырлардағы Шығыс Түркістан мәтіндерінде кездесетін таму сөзімен және қазақ тіліндегі тамұқ сөзімен мағыналас [11, 148-б.]. Біз жорамалдап отырған та элементіне салыстырма ретінде қарағанда қазақ тіліндегі етістік негізді там- лексемасының табиғаты да көңіл аударарлықтай. Бұйрық мәнді (императивті) там- қазақша негізінен сұйық затқа айналатын әмірді (инфинитив там-у) білдіреді. Ол түбірден тамыз түріндегі өзгелік етіс жасауға да болады. Нақ осы етіс формалы бұйрық мәнді тамыз көнеленген тұлға ретінде су емес, отқа қарата да айтылады. Қараңыз: от(ты) тамыз (салыстыр: су тамыз). Ал жекелеген говорларда су тамды деген модельдің үлгісімен от тамды деп айтушылық да ұшырасады. Бұл қолданыстың әдеби нормасы от тамызылды болып есептеледі.

Негізінен алғанда етістік мәнді там сөзінің от пен суға қатысты қолданылу ерекшелігі тек там- және тамыз тұлғаларының бір-бірінен алшақтану кезеңінен басталатындығын көреміз. Мысалы: там + шы // су; тамыз + ық // отын. Бұл соңғы тұлғаның тамыз + дық түріндегі айтылымы бар. Басқаша айтқанда, судың тамуы мен оттың тұтануын етіс жұрнақтарының қолданыс ерекшелігімен ажыратып көрсету, сол істі орындаушының кім екендігін айқындау мақсатына байланысты тәрізді.

Егер су тамды дегенде судың өз бетімен таматындығы хабарланса, от тамызылды, яғни істі орындаушы оттың өзі емес, басқа бір сыртқары күш екендігі білінеді. Біздің алыс замандардағы бабаларымыз отты да, суды да көктен түсетін кереметтер деп қараған болса да, сумен салыстырғанда отты қасиет тұту салты бергі замандарға дейін сақталғаны байқалады.

К. К. Юдахин бұл тұлғаны белгілі бір дәйектемелерге сүйене отырып, жалпы түркілік теңір «небо» тұлғасымен сабақтастыра түсіндіреді [13, 226-б.]. Алайда, жоғарыда аталған мақаласында Б. И. Татаринцев осы қырғыз тіліндегі тіл алды теңрей тұлғасына қатысты өзінің тәңрі тұлғасының жіңішке сыңары алғаш пайда болған деген пікірін тағы да қайталап, дәлелдемек болады [1, 84-б.]. Біздіңше қазақ тіліндегі таң: аң-таң (қалу), таңсық (көру), таңыр-қа (н)-у және таңда-н-у (таң қалу), сондай-ақ таңсық<таң суғ «ғажайып су» деген

тәрізді қолданыстардан бір замандардағы адам баласының космогониялық ұғым-түсініктерін, олардың қоршаған ғарыш әлеміндегі таң~таң-(таң-тамаша) ғаламаттарына әрі үрейлене, әрі тандана, әрі сүйсіне (таңырқай) қараған күйініш-сүйініштерінің біздің заманымызға жеткен жаңғырықтарын сезінудің өзі де бірегей таным болмақ. Жоғарыда біз атаған еңбегінде Е. Жұбанов пен Ә. Ибатов мынадай пікір өрбітеді. Біз бұлтарпайтын шындық мынау деп білеміз. Тәңірі семантемасы тарихи лексиканың тым әрідегі қабаттарына жатады, ол кезеңде сөздердің жіңішке сыңарларын құрайтын тіл алды дыбыстарының қалыптасуы да мүмкін емес. Өйткені алғашқы дыбыстардың пайда болуы көмейден де әрігеректе басталып, сырттан кірген ауаның артикуляциялануы ең алдымен орта деңгейдегі дауыс шымылдықты арқылы жасалған. Бұл кезеңде ашық фонемалар ретінде пайда болатын дауысты дыбыстар көмейде ешбір кедергіге ұшырамай, акустикалық жағынан таза дыбыстық қасиеттерге ие болған. Олардың тіл алды дыбыстары қатарына өтуі жоғары деңгейде, яғни резонатор аталатын дыбыстау аппаратында болған [11, 106-б.]. Басқаша айтқанда, өкпеден шыққан ауа толқынының ауыз қуысына келіп өңделіп жіңішкеруі бертіңгі заманның жемісі.

Ежелгі дәуірде ауыз қуысынан көмейге қарай өтетін, сөйтіп жіңішке дыбыстардың жуандап барып қайта шығатын жолы болды деп, оның үстіне тіл алды дыбыстары кейіннен тіл арты дыбыстарына қайта ауысты деп топшылау мүмкін емес. Одан гөрі бұл жерде түркі дәуіріне дейінгі сөздердің бірігуіндегі қайшылықтардың фонетикалық тұрғыдан заңдасу процесін білуге талаптанған жөн болар еді. Мысалы: та-ің-р-з элементтері арасында болатын жарты дауысты этимологиялық –і дыбысының сөздерді біріктіруіндегі әр алуан метатезалық орын ауысулары (салыс: та-(і)ң-ір(з); та-(і)ң-рі(з), т.б., негізінен уақыт, орын, жағдай факторларына байланысты деп қарастырғанды дұрыс деп білеміз. Қос сөздердің сыңарларының арасындағы үндестік біркелкі болған емес. Аталған феноменді (айырым құбылысты), яғни тәңірі семантемасының жалпытүркілік әлемдегі әр алуан аймақтарда қалыптасуына байланысты бірде ілгерінді ассимиляция үстем болып, та элементі өзімен құрамдасатын сыңарларды өз фонациясына сәйкестеп жуандатып қабылдағандықтан, та(і)ң-ыр, та-ңғ-ар (тангароа~тангалоа), таныр тұлғалары келсе, кейінді ықпал үстем болуына орай та элементі өзінің кейінгі (і)ң түбір морфемасына икемделіп, жоғары-төмен ұғымын білдіретін қос сөз ретінде тәң(і)рі, тегрі, шумер тілінде тигир~дингир, демер болып бірыңғай тіл алды дыбысталып кеткен. Ал басқа бір реттерде гендиадис құраушы түбір-негіздер өздерінің дисгармониялық қалпын сақтап қалғандықтан, қос сөздің сыңарлары тоғыспалы ықпал (диссимиляция) заңымен қатар түзеген.

Бірақ, бұл құбылыстар алдамшы жаңғырулар болуы да мүмкін. Өйткені бұл жердегі мәселе тек қосымшалар арқылы болатын сөзжасамға ғана қатысты емес сияқты. Мәселен, көпшілікке мәлім Таберда топонимі мамандардың айтуынша көне Кавказ тіліндегі таһири берда «тәңір берді» тіркесімінен ықшамдалған сөз. Алайда бұндағы та- түбірін тақири тұлғасының қысқарымы деген пікір төңірегінде әлі де ойласу қажет сияқты. Мүмкін та берді тіркесімі ежелгі қолданыс деп қарастыруға да негіз бар болар. Бұл жердегі екі құрамды топонимнің іштей тартылысқа түсіп, біртұтас лексикалық бірлікке айналуына қарап, біз та элементінің семантикалық жағынан дербестігіне ғана көз жеткізіп қоймай, сонау бұлдыңыр замандарда та элементімен құрамдасып сөз жасайтын сыңарлар тек –ін ғана болмағанын көреміз. Мысалы Сібір деректеріне сүйенсек, тәңрі атауының құрамы кемі үш түрлі жолмен қалыптасқан деп жобалауға болады: те-ңе-ре~те-нері, те-гре~тегірі, техре~те-хрі (аспан). Бұл жерде н~г сәйкесімі белгілі дәрежеде түсінікті болғанымен, солардың баламасы болып келетін спирантты х дыбысының табиғатын ежелгі кавказ тілінің фарингальды та-һири «құдай» сөзіне байланыстыра қарау жөн секілді. Тува тілінің деректерінде кездесетін құрылымы да, мағынасы да жақын дер~деңгер параллельдерінің қалыптасуы да әлі жұмбақ құбылыс ретінде қарастырылады.

Кейбір пікірлер бойынша бұл екі тұлғаның алғашқы дер негізгісі болса, деңгер тұлғасы оның сирек қолданылатын варианты болмақ, өйткені ол ауызекі тілде ғана айтылатын дер-деңгер түріндегі «аспан, аспан әлемі» мағынасын беретін қос сөздер құрамында кездеседі. Алайда, біз қосарланған сөздің бұл сыңарларын екі кезеңде қызмет атқарып келіп, кейіннен бірін-бірі түсіндіретін, толықтыратын қосар сөздер ретінде қарастырамыз. Өйткені та элементі және оның жіңішке варианттары та, де өздерінің даму, қалыптасу жолында грамматикалық көрсеткіштері тікелей де-р түрінде, яғни түбір + аффикс жолымен, немесе алдымен қарсы мәнді қос сөз құрап, көптік не даралықты білдіретін грамматикалық қосымшалардың сол қос сөз тұлғасына жалғануы да мүмкін.

Қазақ тіліндегі бізге келіп жеткен фактілердің өзі де осылайша қисындауға қажетті мол деректердің көзі болып табылады. Жоғарыда келтірілген таң және іңір құдайлары жайындағы көне қазақ мифологиясы анахрониялық тұрғыда та-ің антитезасы арқылы баяндалатын космогониялық ұғымдарды білдіреді. Бірақ келтірілген сюжетте таң лексемасы қос сөз болмай, бірігіп, тұтасып кеткендіктен екінші семантикаға ие болған. Енді бұл тұтасым биіктік емес, таң шапағы деген ұғымды білдіретіндіктен, оған қарсы қойылатын сыңар кешкі шапақ ұғымындағы іңір сөзі болған. Сөйтіп, ежелгі аңыз күннің шығуы мен батуы, яғни жарық пен қараңғының кезектесуі жайындағы дүниетанымға ұласқан.

Қорытынды

Жалпы түркілік аспектіден келгенде қазақ тіліндегі іңір сөзі «кешкі шапақ» деген ұғымның семантикалық ұясына кіреді. Мысалы, башк. Энер, түркм. Инрик және имир, қалп. Ингир (ымырт), қарайм. Іңгір, қырғ. Іңір және іңірт, т.б.. Осы түбір-негіздің синонимдері ретінде қаз. Кеуім, қалп. Геугітим, тат., башк. Шефак сөздерін атауға болады. Әйтсе де қазақ тіліндегі шапақ сөзі мен түркіменше шефак күн батардағы шұғыла емес, күн жана шығып келе жатқандағы шұғыла дегенді айырып айтады.

Тарихи сөздіктердегі сөздердің синонимдік қолданыстары туралы профессор Н. Ж. Шаймерденованың мынадай пікірі бар: «Основным критерием синонимии является соотнесенность общим понятием, благодаря чему слова объединяются в синонимический ряд и способны в одном и том же контексте заменять друг-друга без ощущения заметного различия по смыслу» [14, 46-б.]. Талданып отырған ұғымдардың өзара ауысып қолданылған сәттері бұрында да болған тәрізді. Мысалы, М. Қашқари сөздігінде іңір «рассвет, предрассветные сумерки» деп, яғни «таң білінген кез, таң қараңғысы» деген мағынаға саяды. Аталған сөздікте бұған мынадай мысал келтірілген: іңір оғурта «на рассвете» (немесе: іңір ағарғанда). Бұл тұлғаның фонетикалық варианты болып табылатын імір сөзіне берілген түсінікте сол іңір атауының анықтамасы тәрізді: «предрассветные сумерки» делінген [15, 209–211-бб.]. Әйтсе де бұндай лексикографиялық түсініктің іңір сөзін таң атауына қарсы мағынада атауға айтарлықтай кедергісі жоқ. Біз та-ің>таң «жоғары-төмен» деген генеадис деп сыңарларды ажыратып қараған құрылымдағы ің (ін, ым, ім, ең) морфонологиялық жаратылымды дербес постулат деп қисындағанда іңір сөзінің «кеш құрым» мағынасы алғашқы емес, кейінгі (екінші) семантикаға ие болған түбір-негіз деген пікір түйеміз. Біздің пайымдауымызша, бұл атау -ің түбіріне көмекші морфема ір қосымшасының жалғануы арқылы жасалған. Ал (і)р элементі егізделіп келетін және жалғанған түбірдің даралық не көптік сипатын танытатын р~з сәйкестігінің алғашқы сыңары деп білеміз. Осы сәйкестіктер қосылу нәтижесінде та-ің > тәң тұлғасы бірде таң-рі болып аспан әлемін, көк мұхитті білдірсе, ал екінші кезекте тәң-із болып тұлғаланып, жер бетіндегі «көкті», яғни теңіз атауын қалыптастырған.

Қазақтың түбір негіздерін ретроспективтік әдіс тұрғысынан қарастырып, сөз мағыналарында болатын жылысу, ығысулардың себебін қазіргі кезеңнен бастап көне заманға қарай барлағанда, сөйтіп әр алуан елдердегі дүнияуи және рухани мәдениеттердің даму тарихын мүмкіндігінше есепке ала келгенде біз қазірде таң болып кіріккен сөздің р~з сәйкестіктер жалғануы арқылы жасалатындығын байқаймыз. Сонымен бірге -р(ір) қосымшасы ерте замандарда мезгілдік мағынаны білдіретін ір (ір, ер) «ерте, таң атпай»

мәніндегі үстеулермен төркіндес болуы да ықтимал деп қарастырып, иртанг «ертең» «таң атпай тұрғанда» деген ұғымдағы құрылымы етіп қарастыру соның бір көрінісі.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Татаринцев, Б. И.** Происхождении тюркского наименования неба (таңри) и его соответствий [Текст] // СТ. – 1984. – № 4.
- 2 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений: в 5 т. [Текст]. – Алма-Ата : 1985. – 500 с.
- 3 Русско-китайский словарь [Текст]. – М., 1953. – 709 с.
- 4 **Щербак, А. М.** Сравнительная фонетика тюркских языков [Текст]. – Ленинград : 1970. – 203 с.
- 5 **Рясянен, М.** Материалы по исторической фонетике тюркских языков [Текст]. – М., 1955. – 305 с.
- 6 **Махмудов, А. М.** Көне топонимдердің мағынасы [Текст] // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986.
- 7 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст]. – Алматы : 1999. – 540-б.
- 8 **Радлов, В.** Опыт словаря тюркских наречий [Текст]. – Т. 1. – СПб. : 1911. – 1478 с.
- 9 **Шипова, Е. Н.** Словарь тюркизмов в русском языке [Текст]. – Алматы, 1954. – 444 с.
- 10 **Дмитриев, Н. К.** О тюркских элементах русского словаря [Текст]. – М., 1962. – 223 с.
- 11 **Жұбанов, Е.** Қазақ әдеби тілдерінің тарихи көздері [Текст]. – Алматы, 1989. – 253-б.
- 12 **Рамстедт, Г. И.** Введение в алтайское языкознание [Текст]. – М., 1957.
- 13 **Юдахин, К. К.** Киргизско-русский словарь [Текст]. – Т. I. – Фрунзе, 1965. – 450 с.
- 14 **Шаймерденова, Н.** Глоссы как феномен текста [Текст]. – Алматы, 1997. – 129 с.
- 15 **Кашгари, М.** Девони лугат-ит тюрк [Текст]. – Ташкент, 1960. – 452 с.

References

- 1 **Tatarincev, B. I.** Proisxozhdenii tyurkskogo naimenovaniya neba (tañri) i ego sootvetstvij [The origin of Turkic name of the sky (tañri) and its accordance] [Text] // ST. – 1984. – № 4.

- 2 **Valixanov, Ch .Ch.** *Sobranie sochinenij: v 5 t.* [Collection of works: in 5 vol.] [Text]. – Alma-Ata, 1985. – 500 p.
- 3 *Russko-kitajskij slovar`* [Russian-Chinese Dictionary] [Text]. – Moscow, 1953. – 709 p.
- 4 **Shherbak, A. M.** *Sravnitel`naya fonetika tyurkskix yazy`kov* [Comparative phonetics of Turkic languages] [Text]. – Leningrad, 1970. – 203 p.
- 5 **Ryasyanen, M.** *Materialy` po istoricheskoy fonetike tyurkskix yazy`kov.* [Materials on historical phonetics of Turkic languages] [Text]. – M., 1955. – 305 p.
- 6 **Maxmudov, A. M.** *Köne toponimderdiñ maғы`nasy`* [The meaning of ancient toponyms] [Text] // *Qazaq onomastikasy`ny`ñ mäseleleri.* – Almaty, 1986.
- 7 **Zhūbanov, Q.** *Qazaq tılı zhönindegi zertteuler* [The research on the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1999. – 540 p.
- 8 **Radlov, V.** *Opy`t slovarya tyurkskix narechij* [The experience of the dictionary of the Turkic dialects] [Text]. – V. 1–4. – SPb., 1911. – 1478 p.
- 9 **Shipova, E. N.** *Slovar` tyurkizmov v russkom yazy`ke* [The dictionary of turkisms in the Russian language] [Text]. – Almaty, 1954. – 444 p.
- 10 **Dmitriev, N. K.** *O tyurkskix e`lementax russkogo slovarya* [On the Turkic elements of the Russian dictionary] [Text]. – M., 1962. – 223 p.
- 11 **Zhūbanov, E.** *Qazaq ädebi tilderiniñ tarixi közderi* [The historical resources of the Kazakh literary language] [Text]. – Almaty, 1989. – 253 p.
- 12 **Ramstedt, G. I.** *Vvedenie v altajskoe yazy`koznanie* [Introduction into Altai language studies] [Text]. – M., 1957.
- 13 **Yudaxin, K. K.** *Kirgizsko-russkij slovar* [The Kyrgyz-Russian Dictionary] [Text]. – V. I. – Frunze, 1965. – 450 p.
- 14 **Shajmerdenova, N. Z.** *Glossy` kak fenomen teksta* [Glosses as a text phenomenon] [Text]. – Almaty, 1997. – 129 p.
- 15 **Kashgari, M.** *Devoni lugat-it tyurk* [The collection of Turkic dialects] [Text]. – Tashkent, 1960. – 452 p.

04.03.24 ж. баспаға түсті.

17.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Х. Қораш, *М. К. Амангазиева, П. Ертаева*

Университет Омера Халисдемира,

Турция, г. Нийде

Поступило в редакцию 04.03.24.

Поступило с исправлениями 17.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

ЯЗЫКОВАЯ СТРУКТУРА СЕМАНТЕМЫ «ТЕНГРИ» В ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКАХ

В статье на основе исторических словарей анализируется название космоимического Тенгри и его значение в языке народов тюркского происхождения, рассматривается лексико-семантический и морфологический характер. По отношению к небесным телам описывается мировоззрение, быт, быт народа того времени путем определения языковой и познавательной специфики имени Тенгри, раскрытия этнолингвистической и когнитивной сущности. В ходе сравнения были взяты за основу важнейшие источники изучения истории тюркских языков – орхоно-енисейские, древнеуйгурские письменные памятники, труды средневековых арабских, персидских, тюркских ученых и исследования западноевропейских и русских ученых с восемнадцатого века. Большое значение в этих работах имеет определение языковой и познавательной специфики лексемы, относящейся к названию Тенгри. Это позволяет в полной мере утверждать, что в первую очередь помогает раскрыть этнолингвистическую и когнитивную сущность космоимических имен.

Прошло более 200 лет с тех пор, как проблема межъязыковой коммуникации стала изучаться лингвистами. Известно, что за это время эта проблема была всесторонне проверена, а ее многообразие и виды нашли соответствующее теоретическое решение. Однако, в связи с тем, что у каждого народа свой исторический путь развития, характер общения с другими народами, присущие ему особенности, это требует изучения вопроса на основе фактических исторических лингвистических данных. Поэтому в статье был проведен лексико-грамматический анализ космогонического имени Тенгри, в котором среди тюркских языков – Аллах, Бог, Тенгри – все три имени представляют собой одну великую силу Творца.

Ключевые слова: лексикография, космоим, этимология, семантика, семасиология, теоним

*H. Korash, *M. K. Amangazieva, P. Yertayeva*
Omer Halisdemir University,
Türkiye, Niye.
Received 04.03.24.
Received in revised form 17.04.24.
Accepted for publication 03.06.24.

LANGUAGE STRUCTURE OF THE SEMANTEME «TENGRİ» IN LEXICOGRAPHICAL SOURCES

The article analyzes the name of the cosmochemical Tengri and its meaning in the language of the peoples of Turkic origin on the basis of historical dictionaries, examines the lexical, semantic and morphological character. In relation to the celestial body, the worldview, way of life, the way of life of the people of that time is described by defining the linguistic and cognitive specifics of the name Tengri, revealing the ethnolinguistic and cognitive essence. The comparison was based on the most important sources of studying the history of the Turkic languages – the Orkhon-Yensei, ancient Uighur written monuments, the works of medieval Arab, Persian, Turkic scientists and the studies of Western European and Russian scientists since the eighteenth century. Of great importance in these works is the definition of the linguistic and cognitive specificity of the lexeme related to the name Tengri. This allows us to fully assert that, first of all, it helps to reveal the ethnolinguistic and cognitive essence of cosmonymic names.

It has been more than 200 years since the problem of interlanguage communication began to be studied by linguists. It is known that during this time this problem has been comprehensively tested, and its diversity and types have found an appropriate theoretical solution. However, since each nation has its own historical path of development, the nature of communication with other peoples, and its inherent characteristics, this requires studying the issue on the basis of actual historical linguistic data. Therefore, the article carried out a lexical and grammatical analysis of the cosmogonic name Tengri, in which among the Turkic languages – Allah, God, Tengri – all three names represent one great power of the Creator.

Key words: lexicography, cosmonym, etymology, semantics, semasiology, theonym.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz